

Аудиовизуальные документы в системе исторических знаний. Материалы международной научно-практической конференции. Ноябрь 2013. – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. - С. 35-38.

Кинофотофоно құжаттар Қазақстан тарихының дереккөздері

Жаңа заманда ғылым мен техниканың дамуына байланысты шындықтың бейнеленуі және ақпараттың тасымалдануы жағынан деректердің кино, - фото, фоно тәрізді түрлерін қалыптастырды. Дегенмен бұл деректер деректанушылардың қарақты назарының объектісіне айнала қоймады [1.137].

Соңғы уақыттарда қоғамда Отан тарихын зерттеуге ұмтылыс артып келеді. Қазақстанның өткенін зерттеп, кейбір тұстарын қайта қарауда түрлі әдіс-тәсілдер, бағыттар, жекелеген аспектілерін қарастыруда әртүрлі ұстанымдар көбеюде. Тарихты зерделеуде сонымен бірге зерттеулердің деректік базасы кеңейіп, дәстүрлі деректермен қатар дәстүрлі емес дерек көздерін ғылыми айналымға түсіру талпыныстары байқалуда. Дәстүрлі емес дерек көздерінің арасында бейнелеу, бейнелеу-дыбыстық мәліметтерге толы кинофотофоно құжаттарын дерек ретінде пайдалану өзекті бола түсуде. Бұл дерек көздерінің ХІХ-ХХІ ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеудегі маңызының зор екендігі даусыз. Алайда олардың өзге деректермен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері және дерек ретінде атқаратын рөлінің өзгешелігі бар. Сондықтан да ең алдымен мұндай деректерді іздеп табу және пайда болу объективтілігін айқындау аса қиындық тудырмағанымен деректанулық талдаудан өткізу оңайға түспейді[2]. Осыған орай кинофотофоно құжаттарды (КФФҚ) зерттеуде деректанулық сын ерекше орынды иеленеді. 3 4

Деректану ғылымында деректанулық талдау жүргізуде құжаттың пайда болуына ықпал еткен тарихи алғышарттарды анықтау маңызды болып табылатындығы белгілі. Осыған орай деректанушы өзінің зерттеуінде деректің пайда болуына ықпал еткен қоғамдағы саяси, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени факторларды, себептерді ашуға ерекше мән береді. Ал фотокүжаттарын (ФҚ) зерттеуде мұндай алғышарттарға қоса құжаттың пайда болған ұйымы, ұйымның қызметі, қоғамның өзінің алдына қойған мақсаты, сол мақсатқа жетудің механизмдері, т.б. тәрізді зерттеу бағыттарын анықтау кешенді талдау жасауға әсерін тигізеді. Мәселен, Түркияның Анкара қаласында орналасқан Түрік халықтарының мәдениеті ұйымында болған кезімізде (Тюрксой - TURKSOY) тек қана сол ұйымда дүниеге келген, оның қызметіне және мақсатына сәйкес түсірілген фотосуреттермен таныс болдық («Аудиовизуалды құжаттар Қазақстан Республикасы тарихының дереккөзі» аталатын жобаның ауқымында биылғы жылдың шілде айында дерек жинау мақсатында Түркия мемлекетіне тарих ғылымдарының докторы, професор Гүлзира Әшімханқызы Сексенбаева екеуіміз іс сапарға барған болатынбыз). Сонымен қатар TURKSOY деп аталатын ұйымның мерзімді басылымын парақтаған кезімізде оның бетінде жарияланған суреттер тек түстерінің қанықтығымен ғана емес әдемілігімен, шынайылығымен, қайталанбастығымен көз тартты. Журналдың 2012 жылғы 20 санының негізінен тәуелсіз Қазақстанға арналған. Басылымның

11-бетінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан үзінді беріліп, осыған орай Елбасының, оның TURKSOY-ға барған сапары кезіндегі, Түркияның президентімен түскен суреттері басылған. Бұл суреттердің TURKSOY-ға тән екендігін олардың бенелеріндегі ұйымның таңбасынан, Елбасының жанында тұрған TURKSOY-дың бас хатшысы Дүйсен Хасеиновтен, т.б. білуге болады. Мұның өзі кез келген жазба дерек болсын, яки аудиовизуалды құжат болсын қоғамдағы ахуалдан, қалыптасқан немесе орын алған жағдайдан тыс бола алмайды, болуы мүмкін емес дегенді дәйектейді. Олар қазақстандық қоғамдағы саяси, тарихи оқиғалардың куәсі ретінде өмір сүреді және әрекет етеді, қызмет жасайды. Сондықтан да КФФҚ зерттеуші құжаттың дүниеге келуінің барлық қырларын егжей-тегжейлі талдағаны абзал, өйткені оның қалыптасуыны ықпал еткен алғышарттар құжатты сипаттауға, құрылымын айқындауға, ерекшеліктерін тануға зор мүмкіндіктер тудырады. Алғышарттары тарихи оқиғаларды, үдерістер мен құбылыстарды бейнелеген құжатта оның авторының ой-пікірлері жүзеге асады. Осыған орай құжаттың авторын, ол турасында мәлімет жинақтау да аса маңызды болып табылады. Автордың өмірбаянын, мәдени және білім деңгейін, кәсібін, қызмет саласын білмей, құжатты талдау қисынсыз, өйтпеген жағдайда зерттеуші көптеген қиындықтарға тап болады. Шығарма авторы, оның тұлғасы, автордың құжатты қалыптастырудағы мақсаты, оның ұстанымы, құжаттың аяқталғандығы, т.б. аса мәнді әлеуметтік ақпарат беретін мәліметтерге жатады. Біздің мысалымызда суреттердің авторы болып TURKSOY-дың суретшілері (фотографтары) саналады. Олар журнал беттерінде баяндалған оқиғалар мен үдерістерге сәйкес суреттерді дәл бере алған. Мысалы, мінберде сөйлеп тұрған Елбасының қазақстандық қоғамдағы шешілуге тиіс мәселелерді жік-жігімен айтып тұрған сәті дәл бейнеленген. Мұның өзі суретшінің кәсіби тәжірибесінің молдығын, білім деңгейінің жоғарлығын көрсетеді.

Фото бейнелердің ерекшелгі сонда, олар тар шеңбердегі оқиғалар мен фактілерді ашады. Дегенмен локалды, КФФҚ-да бейнеленген тарих пен мәдениет үшін аса маңызды деген қысқа үзінділер мен мәліметтер зерттеушіге күтпеген, тіпті мәнді қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Фотоқұжаттар шығармашылық сипаттағы деректер тәрізді әр алуан бағыттағы және бағыныштылығы әртүрлі мекемелер мен ұйымдарда дүниеге келеді. Осыған орай олардың рәсімдеуінде сипаты мен ақпараттық сыйымдылығына қарай деректемелері де: авторлықтың көрсетілуі, құжаттың пайда болуы уақыты, жері, атауы және қысқаша мазмұны, ақпарат тасымалдаушының сипаттамасы, дайындалған уақыты мен жері, техникалық және өзге де белгілері барынша толық болады. Кинофотофоно құжаттарының (КФФҚ) жазба деректерден тағы бір басты ерекшелігі, олар белгілі бір оқиғаның дәл болған мерзіміне, болған жеріне сәйкес қалыптасады немесе жазылады. Дәлірек айтсақ, фотоқұжат түсіріліп жатқан үдерістің бір ғана сәтін қамтиды. Мысалы, үстіміздегі жылдың қаңтар айындағы республиканың барлық баспасөз құралдарының беттерінде Елбасы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы кезінде сөйлеп тұрған сәттерінен түсірілген суреттерді

басылған. Суреттердің бірінде Президент қолын сәл ғана көтеріп, белгілі бір жағдайды баяндап тұрса, екінші біреуінен күле сөйлеп, көтеріңкі көңіл-күйдегі Елбасын көруге болады, яғни сурет арқылы құжаттың пайда болуы уақыты, жері, атауы және қысқаша мазмұны, ақпарат тасымалдаушының сипаттамасы, дайындалған уақыты мен жері, техникалық және өзге де белгілерін туралы айтуға болады.

ФҚ-ның пайда болған жері мен уақытын талдауда сипаттаулардың құжаттың құндылығын анықтауда аса маңызды рөл атқаратындығын ескерген абзал. Бұл жерде айта кетерлік жайт, аннотацияда көрсетілген уақыт пен орын құжаттың да пайда болуының уақыты мен орны екендігін білдіреді. Мәселен, «Астана. Ақ Орда. 2010 жыл. желтоқсан», яғни бұл Астана саммитінің өткізілген уақыты дегенді көрсетеді және фототүсірілімнің мазмұнына баға берудің негізі болып табылады[5].

Деректегі немесе құжаттағы автордың ойына алған тұстары оны түсіндіруде (интерпретация жасауда) маңызды, өйткені сол ойды автор шығарманы дүниеге келтіру барысында оның ішіне салған. Сондықтан да деректі түсіндіруде зерттеуші автордың санасын саралағандай болады, яғни ізденуші шығарма авторы өмір сүрген кезеңін, құжатты дүниеге келтірудегі ойын, сол ойды іске асырудағы автордың пайдаланған тәсілдерін терең зерделеуі тиіс. Өз кезегінде орыстың белгілі ғалымы Лаппо-Данилевский бөтеннің, яғни дерек авторының жан-дүниесін түсіну, авторға «жан бітіру», оның ойларын «тірілту» туралы жазған-ды. Мұның өзі дерек авторының ой әлемін айқындауға, оның даралығын, құжаттың ерекшелігін, мазмұнын ашуға жағдай жасайды дегенді білдіреді. Осы тұрасында TURKSOY журналының бетіндегі ҚР экс-мәдениет министрі, қазіргі мемлекеттік хатшы - Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан мәдениеті» деп аталатын үш тілде берілген мақаласына сәйкес басылған суреті дерек авторының ұстанымын байқатады. Суретте қоғам қайраткерінің үлкен жиынның алдында сөйлеп отыр, себебі оның алдында Қазақстан деген үлкен әріптермен жазылған жазу бар. Стөлде дауысты күшейткіш құрал, темір дінгекшеге орнатылған мемлекет туының кішірейтілген нұсқасы, кішкене шөлмек су тұр. Суреттің артқы көрінісінде 20-21 қыркүйек 2011жыл деп орыс тілінде жазылған жазу көмескілінен бейнеленген, яғни оқиға өткен жылдың қыркүйегінде болған. Сурет авторы осы оқиғаға куә болған немесе белгілі бір ақпарат құралдарының суретшісі ретінде арнайы барған. Қоғам қайраткерін осындай бейнеде түсіру арқылы оның мақсатын, соған жетудегі пайдаланған тәсілін көруге болады.

КФФҚ дерек ретінде талдауда оның түпнұсқасының барлығы немесе жоғалуы туралы түсінік ерекше мәнді[6]. Бұл мәселе ғылыми әдебиеттерде әлі де болса толық көрініс таба алмай келеді. Деректің алғашқы түпнұсқасының болмауы зерттеушіні бірқатар түйткілдерге тірейді. Сондай түйткілдердің негізгілері болып алғашқы нұсқаның, сонымен қатар ілеспе құжаттаманың нұсқасын анықтау саналады. КФФҚ -ның түпнұсқасы болып пленкада оқиғалар мен фактілердің шынайылығы туралы ақпараттың көрсетілуі саналады.

Фотоқұжатқа қатысты түпнұсқалық ұғым біршама басқаша түсіндіріледі. Мұнда түпнұсқа ретінде әдетте ешқандай техникалық, композициялық және

өзге де өзгерістерге ұшырамаған авторлық түсірілім саналады. Мәселен, 2010 жылдың желтоқсан айында өтікізілген Біріккен Ұлттар Ұйымының Астана саммиті кезінде көптеген фотосуреттер дереу шығарылды. Фотосуреттер республикалық баспасөз беттерінде жылдам жарияланып отырылды. Мұның өзі бір жағынан ФҚ-ның өзге де деректермен салыстырғандағы артықшылықтарын дәйектейді, екінші жағынан деректің құндылығынан хабар береді.

КФФҚ -та бейнеленген оқиғалар мен фактілерді бұрмалау өте кең тараған құбылыс. Әсіресе ол фотографияның, кинофотографияның және дыбыс жазудың пайда болып, интенсивті түрде етек жаюына байланысты көбее түсті. КФФҚ-ымен байланысты Қазақстан тарихының кезеңдерінде фотофоно құжаттардың әдіс-тәсілдері арқылы тарихи оқиғаларды бұрмалау кездеседі[7]. Айтылғанға сәйкес мәселен, белгілі бір суретте жиналыстың немесе мәжілістің алқасында отырғандардың бірі алынып тасталып, оның орнына басқа біреу әтпесе, өзге бір бейне орналастырылады[8].

Құжатты түсіндіруден кейін деректің мазмұнын ашу мәселесі туындайды. Деректің мазмұнын анықтау оның бойындағы барлық ақпаратты және сол мәліметтің шынайылығын айқындау дегенді білдіреді. Деректің мазмұнын ашуда оның ішінде барлық әлеуметтік ақпараттың барлығын ескеру қажет. Дерекке салынған сол ақпаратты талдай отырып, зерттеуші дәйектердің растығын дәлелдей және өзінің ұстанымын негіздей отырып, оның шынайылығын айқындау мәселесін шешеді.

КФФҚ-ын дерек ретінде ғылыми, әрі нәтижелі зерттеудің маңызды шарттарының бірі ақпарат тасушылардың ерекшеліктері туралы білімнің болуы. Осы міндетті орындауда деректің түпнұсқалығын орнатуға, тасушының техникалық, химиялық-фотографиялық және тағы сол сияқты өзге де ерекшеліктеріне басты назар аударылады. Бұл жерде КФФҚ-тың түпнұсқалығы туралы нақты түсініктің болғаны жөн. Түпнұсқа және көшірме туралы ұғымдар КФФҚ-тың сыртқы белгілерін зерттеу барысында пайда болатын түбегейлі түйіткілдердің бірі. Кинофото құжаттың түпнұсқалығын айқындайтын негізгі белгілеріне авторлық түсірілімнің фактісін орнату және түсірілген материалдарды химиялық-фотографиялық өңдеуден өткізуді іске асыру жатқызылады. КФФҚ-ындағы оқиғалар мен фактілердің бейнелену формасын, автордың өтіп жатқан оқиғалардың сәттеріне шын мәнінде ерекше тоқталуын, оларға баға беруін, оның фототехника арқылы шынайы өмірдің жекелеген фактілерін көрсетуде таңдап алған түрін айқындау болып табылады[9].

КФФҚ онда көрсетілген мәліметтердің шынайылығы және толықтығы шын мәніндегі бейнеленген құбылыстарды терең ашу және зерделеу, сондай-ақ түсірілген немесе жазып алынған материалдың көркемдік айшықтығы тұрғысынан түсіндіру оларға ғылыми талдау жасаудың жауапты міндеттерінің бірін құрайды. Бұл міндетті орындауда әрбір жеке КФФҚ-пен арнайы жұмыс жүргізу қажет. КФФҚ-та бейнеленген немесе жазылған барлық сәттерге сипаттама жасауда және баға беруде мәнді, алғашқы кезде құжаттың шынайы құндылығын орындауға мүмкіндік беретін жекелеген бөлшектерін назардан тыс жіберіп алмаудың маңызы зор. Әдетте фотобейненің шеткері тұсында

орналасқан ұсақ бөлшектерді көре білген абзал[10].

КФФҚ-ында салынған деректің мазмұнына, шынайылығына және толықтығына баға берудегі айқындаушы тәсілдердің бірі ондағы ақпаратты өзге де ақпараттық кешендермен салыстыру болып саналады.

Республикада соңғы жылдарда иллюстрациялар берілген еңбектер жарық көре бастады. Алайда иллюстрациялардың өздері тарихи оқиғалар мен үдерістерді баяндауда көп жағдайда кәсіби емес, мәтіннен алшақ, құжаттың авторы көрсетілмеген, ілеспе мәтіндік материалы бұрмаланған немесе толық емес күйде берілген. Басқаша айтқанда, олар археографиялық өңдеуден өткізілмеген. Мұның өзі КФФҚ-ының археографиясы дербес зерттеу бағыты ретінде әлі де болса қалыптаса қоймағандығын білдіреді. Отандық тарих ғылымын былай қойғанда КФФҚ-ын зерттеу анағұрлым оңтайлы жолға қойылған Ресей Федерациясының өзінде осы мәселеге қатысты жарияланған еңбектерде оның шешімінен гөрі ерекшеліктеріне байланысты жарияланымдардың тың теориясы мен әдістемесін көрсететін зерттеулер ғылымнан орын алған. 1990 жылы Мәскеуде жарияланған «КСРО-да тарихи құжаттарды жариялаудың ережелері» деп аталатын еңбекте КФФҚ-ын жарыққа шығарудың бағыттары кешенді түрде көрсетілгенімен ғылыми әдебиеттерде ол ары қарай өз жалғасын таба алмай келеді[12]. Отандық тарих ғылымында осы мәселеге назар аударлып, қазақ тарихына қатысты КФФҚ-ын әрбір тарихи кезеңге сәйкес Қазақстан Республикасы КФФҚМ қорларында сипаттама берілген каталогтарды библиографиялық сериялар түрінде көрсетудің маңызы зор екендігі даусыз. Қазақстан тарихының айшықты кезеңдеріне қатысты кино, фото, фоно құжаттарды тарихи және мәдени мұра ретінде зерттеудің кезегі әлдеқашан жеткен тәрізді. Десек те КФФҚ-ына деректанулық талдау жасаудың әдістерін және методологиясын, пәнаралық байланыстарын меңгермей аталмыш түйіткілдердің түйінін шешу мүмкін емес. КФФҚ-ыны зерттеудің әдістемесі мен техникасын меңгеру зерттеушінің осы дереккөздерінде сақталған ақпаратты тарихи еңбектерде пайдаланудың зор әлеуетіне қол жеткізеді. Өзіндік сипаты мен мәні бар КФФҚ көптеген теориялық-методологиялық және қолданбалы зерттеулер дайындауға мол мүмкіндіктер тудырады. Бейнелеу, дыбыс және бейнелеу-дыбыс құжаттарын кешенді түрде зерттеу, оларды пайдалану тарихи оқиғалар мен үдерістердің жекелеген қырларын анықтауға жол ашады.

1. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. - М., 2003. - С.136.
2. Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. - Алматы: «Қазақ университеті», 2002. - 35-36 бб.
3. Магидов В.М. Кинофотофонодокументы: основные направления источниковедческой работы// Источниковедение и краеведение в культуре России. Сборник. - М., 2000. - С. 32.
4. Сексенбаева Г.А. Аудиовизуальные документы как источники по истории Казахстана (на материалах ЦГА КФДЗ РК). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Алматы. 2009.
5. Шмидт С.О. Вопросы преподавания источниковедения// Новая и новейшая

история. 1962. №4. - С.115-116.

6. Шмидт С.О. Современные проблемы источниковедения//Источниковедение: теоретические и методические проблемы. - М., 1969. - С.33.

7. Вертов Д. Статья. Дневники. Замыслы. - М., 1966. -С. 54, 135.

8. Кардин В. Вечер вчерашнего дня// Искусство кино. 1988. №4. - С. 22; Левин Е. В тени «развесистых пальм» // Искусство кино. 1988. №11. - С. 32.

9. Пронштейн А.П. Методика исторического источниковедения. - Ростов, 1976. - С. 129.

10. Кино: Энциклопедический словарь. - М., 1986. - С. 194-195.

11. Магидов В.М. Зримая память истории. - М., 1984. - С.108-109.

12. История советской радиожурналистики: документы. Тексты. Воспоминания. 1917-1945. - М., 1991.